

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қараша айы 2025 жыл 4 апта

Қараша – әділдік және жауапкершілік айы
 Уәделерді орындай білу
 Адамдар барлығы әртүрлі екендігін білу, түсіну

Жауапты болу

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 24.11.2025 ж | Сейсенбі 25.11.2025 ж | Сәрсенбі 26.11.2025ж | Бейсенбі 27.11.2025ж | Жұма 28.11.2025ж |
|--|---|----------------------------------|---------------------------------|---------------------------------|-----------------------------|
| Балаларды қабылдау | Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу Күй күмбірі | | | | |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру | Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру; ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|--|--|
| <p>Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары</p> | <p>Шығармашылық әрекет – түрлі түсті жапырақтарды қағазға жапсырып, «Жапырақтар түсіп жатыр» аппликациясын жасау.</p> | <p>Дербес әрекет – табиғат тақырыбындағы ойыншықтармен еркін ойнау</p> | <p>Танымдық әрекет – «Ауа райы қандай?» ойыны арқылы күн, бұлт, жаңбыр суреттерін таныстыру.</p> | <p>Қимылдық әрекет – «Жел соғып тұр» ойынында балалар желдің қозғалысын қол қимылымен бейнелейді.</p> | <p>Эксперименталдық әрекет – «Жаңбыр қалай жауады?» тәжірибесі: су тамшыларын бүріккішпен қағазға шашып, жаңбыр әсерін көрсету.</p> |
| <p>Ертеңгілік жаттығу</p> | <p>«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату, бірге орындау, жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау. Міндеті: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</p> | | | | |
| <p>Таңғы ас</p> | <p>Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</p> | | | | |
| <p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p> | <p>Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру</p> | | | | |

| | | | | | |
|----------------------------------|---|--|--|--|---|
| <p>Кестеге сәйкес ҮІӨ</p> | <p>Дене тәрбиесі Балалармен бірге «Достар амандасады» сергітуі. Негізгі қимыл: Жүру, жүгіру, тоқтау, бұрылу жаттығулары (белгі бойынша). Ырғақтық жаттығу: «Жүр, тоқта, айнал, Достарменен ойна да!» Қимылды ойын: «Кім тез жүгірді?»</p> | <p>Музыка Әуендерді ажыратайық Ұйымдастыру кезеңі Балалармен амандасу, «Бүгін әртүрлі әуен тыңдаймыз!» деп хабарлау. Музыка тыңдау Көңілді және баяу әуендер кезекпен тыңдатылады. Балалардан музыка сипатына сәйкес қимыл жасау сұралады (көңілді – жүгіру, баяу – жүру). Ән айту Педагог екі түрлі әуенмен қарапайым буындарды айтады: «Ла-ла», «На-на». Балалар еліктей отырып қосылады. Музыкалық-</p> | <p>Дене тәрбиесі Тәрбиеші балаларды көңілді әуенмен қарсы алады. Негізгі қимыл: Иық, қол, тізе, мойын жаттығулары — бұғу, жазу, айналдыру. Ырғақтық жаттығу: «Қолды көтер, түсір де, Төмен иіл, түзел де!» Қимылды ойын: «Аю жүрісі» — балалар аю сияқты баяу қозғалады.</p> | | <p>Дене тәрбиесі Тәрбиеші балаларға: «Бүгін бәрін қайталаймыз!» дейді. Негізгі қимыл: Жүру, жүгіру, лақтыру, домалату, секіру — барлығын біріктіріп қайталау. Ырғақтық жаттығу: «Жүгір, тоқта, лақтыр да, Ұста, секір, ойна да!» Қимылды ойын: «Кім бәрін дұрыс жасады?» — балалар әр қимылды тәрбиешінің белгісімен орындайды.</p> |
|----------------------------------|---|--|--|--|---|

| | | | | | |
|--------------------------|--|--|--|---|---|
| | <p>– Ойын: “Қимылды көрсет!” (тәрбиеші қимылды айтады, бала қайталайды).</p> <p>Қоршаған әлеммен таныстыру әрекеті:</p> <p>– “Біздің дене мүшелеріміз” (кол, аяқ, бас, көз – көрсету арқылы танысу).</p> | <p><i>ұстаймын, секірем, доп.</i></p> <p>– Ойын: “Допты ұста!” (тәрбиеші лақтырады, бала ұстайды).</p> <p>Қоршаған әлеммен таныстыру әрекеті:</p> <p>– “Не епті?” (мысық – секіреді, бала – жүгіреді, құс – ұшады).</p> | <p>Қоршаған әлеммен таныстыру әрекеті:</p> <p>– “Күшті жануарлар” (арыстан, піл, аю).</p> | <p>– “Кім тез жүгіреді?” (бала, мысық, қоян).</p> | <p>– Ойын: “Кім батыр?” (қимыл көрсетіп жауап беру).</p> <p>Қоршаған әлеммен таныстыру әрекеті:</p> <p>– “Денемізді қалай күтеміз?” (жаттығу, дұрыс тамақ, демалыс).</p> |
| Серуенге дайындық | <p>Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту</p> <p>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету</p> <p>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</p> | | | | |
| Серуен | <p>Қазан айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған</p> | | | | |
| Серуеннен оралу | <p>Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).</p> | | | | |
| Түскі ас | <p>Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, сұды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-</p> | | | | |

| | | | | | |
|---|---|--|--|--|---|
| | <p>гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</p> <p>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу. Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</p> | | | | |
| Күндізгі ұйқы | <p>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)</p> | | | | |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары | <p>Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. Сауықтыру жаттығулары: Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл кимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). Өзіне-өзі қызмет ету: Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). Мәдени-гигиеналық дағдылар: Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).</p> | | | | |
| Бесін ас | <p>Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</p> | | | | |
| Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, | Сурет салу әрекеті: – “Жүгіріп жүрген бала” (жолақ сызықтармен қозғалыс бейнелеу). Мүсіндеу әрекеті: | Сурет салу әрекеті: – “Доп ойнап тұрмын” (дөңгелек бояумен доп | Сурет салу әрекеті: – “Батыл бала” (қол көтеріп тұрған бала суреті). Мүсіндеу әрекеті: – “Аю” мүсіндеу. | Сурет салу әрекеті: – “Жолмен жүгіріп келемін” – сызық бойымен бояу. Мүсіндеу әрекеті: – “Кішкентай қоян” | Сурет салу әрекеті: – “Күн астында жаттығу” (қимылдаған балалар бейнесі). Мүсіндеу әрекеті: – “Тирь немесе |

| | | | | | |
|-------------------------------------|---|---|--|---|--|
| <p>кітап қарау және басқалары)</p> | <p>– “Доп” жасау (домалақ пішін). Жапсыру әрекеті: – “Ойнап жүрген бала” (дайын пішіндерді жапсыру). Құрастыру әрекеті: – “Ойын алаңы” (текшелерден жасалған алаң).</p> | <p>салу). Мүсіндеу әрекеті: – Ермексиздан “домалақ доп” жасау. Жапсыру әрекеті: – “Доптар көп” (түрлі түсті дөңгелек пішіндерді жапсыру). Құрастыру әрекеті: – “Секірме көпіршік” (текшелермен жол жасау).</p> | <p>Жапсыру әрекеті: – “Күшті аңдар” (жануар суреттерін жапсыру). Құрастыру әрекеті: – “Аюға орман үйшігі” жасау.</p> | <p>(жылдам жануар бейнесі). Жапсыру әрекеті: – “Жол бойымен жүгіру” – жол сызықтарын жапсыру. Құрастыру әрекеті: – “Жол мен көпір” – текшелерден жол жасау.</p> | <p>гантель” жасау (кіші көлемде). Жапсыру әрекеті: – “Күшті бала” – фигураларды қағаз бетіне жапсыру. Құрастыру әрекеті: – “Спорт алаңы” – топпен бірге құрастыру.</p> |
| <p>Балалармен жеке жұмыс</p> | <p>«Бип-бип!» Міндеті: Еліктеу сөздерін қолдануға баулу. Жұмыс мазмұны: Машина, пойыз ойыншықтарымен ойнап, «бип-бип», «чух-чух» деп дыбыс шығару.</p> | <p>«Дене мүшелерін тап!» Міндеті: Дене мүшелерінің атауларын меңгерту. Жұмыс мазмұны: «Мұрның қайда?», «Қолыңды көрсет!» деген сұрақтарға жауап</p> | <p>«Қайда жатыр?» Міндеті: Кеңістікті бағдарлау және сөйлеуді дамыту. Жұмыс мазмұны: «Доп үстінде», «Қуыршақ қасында» сияқты тіркестерді қайталау.</p> | <p>«Қуыршақ не деді?» Міндеті: Диалог түрінде сөйлесуге баулу. Жұмыс мазмұны: Тәрбиеші қуыршақ атынан сөйлейді, бала жауап береді немесе қайталайды.</p> | <p>«Кім дыбыс шығарды?» Міндеті: Есту, тану, жауап беру қабілеттерін бекіту. Жұмыс мазмұны: Дыбыстар (қоңырау, сылдырмақ, барабан) шығарып, «Кім дыбыс шығарды?» деп сұрау.</p> |

| | | | | | |
|--------------------------|--|---|--|--|---|
| | | беру. | | | |
| Серуенге дайындық | <p>Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.</p> <p>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p> <p>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету</p> <p>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</p> | | | | |
| Серуен | <p>«Кім тез жүгірер?» Міндеті: Жылдамдық пен шыдамдылықты дамыту. Ойын барысы: Белгі бойынша балалар бастапқы нүктеден жүгіріп барып, орнына қайта оралады.</p> | <p>«Кұстар ұшты, ұшты» Міндеті: Назар қою, ойлау және шапшаңдықты арттыру. Ойын барысы: Тәрбиеші әртүрлі сөздер айтады. Тек «құс» ұшқанда ғана қолдарын көтереді.</p> | <p>«Ағаш пен жел» Міндеті: Табиғат құбылыстарын тану және қимыл үйлесімділігін жетілдіру. Ойын барысы: Бір бөлігі – «ағаштар», екіншілері – «жел». Жел соққанда балалар айнала жүгіреді.</p> | <p>«Қоңырау соғылды» Міндеті: Есту, реакция, қимыл шапшаңдығын дамыту. Ойын барысы: «Қоңырау соғылды!» дегенде балалар орындарын ауыстырады.</p> | <p>«Көңілді пойыз» Міндеті: Ұжыммен әрекет етуге, ырғақпен қозғалу дағдысын қалыптастыру. Ойын барысы: Балалар тізбектеліп, «пойыз» болып жүреді. Әр аялдамада «станция атауын» айтады.</p> |
| Серуеннен оралу | <p>Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).</p> | | | | |

| | |
|-------------------------------|--|
| Балалардың үйге қайтуы | Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру. Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, колөнер жұмыстары) дайындап беру. Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) Өнегелі 15 минут |
|-------------------------------|--|